

Біржан сал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № С-28/6 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына сәйкес Біржан сал ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Біржан сал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Біржан сал ауданы мәслихатының төрағасы

Н.Қуатова

Біржан сал ауданы
мәслихатының
2025 жылғы "28" қарашада
№ С-28/6 шешіміне
қосымша

Біржан сал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,90
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,86
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,67
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,63
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,29
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,60
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0009

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек -орын	0,78
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,10
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,33
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,13
11	Спорттық, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1м ²	0,05
12	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1м ²	0,21
13	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м ²	0,08
14	Дәріханалар	сауда алаңы 1м ²	0,21
15	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,56
16	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,35
17	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,56
18	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1м ²	0,30
19	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1м ²	0,13
20	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1м ²	0,33